

ӘОЖ 821.512.122/6-2/.3:81/371/367.4; МҒТАР16.21.49

<https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.47>Д.Ж. АРЫНБАЕВА<sup>1</sup>, Д.Н. БАЙҒҰТОВА<sup>2</sup>, А.Г. ҚҰРБАНОВ<sup>3</sup><sup>1</sup>Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің оқытушысы  
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: dildagul.arup@mail.ru<sup>2</sup>филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті (Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: dinar\_1378@mail.ru<sup>3</sup>филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті (Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: agarasha.kurbanov.67@bk.ru

## Д. ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ КОННОТАЦИЯСЫ

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ халқының дарынды қаламгері, жарқын жазушысы Д. Исабековтың шығармаларында қолданылған тұрақты тіркестердегі ұлттық коннотация көріністері қарастырылады.

Коннотация (лат. con – бірге және noto – белгілеу, дәйектеу) – тіл бірлігінің қосымша, ілеспе мағынасы. Коннотация белгілі түрде негізгі мағынамен байланысып, қабаттасып тұратын семантикалық немесе стилистикалық элементтерді қамтиды. Коннотация сөйленімнің экспрессивті-эмоционалды және бағалау реңктерін білдіруге қызмет етеді. Денотация (сөздің лексикалық мағынасы) мен коннотацияның мағынасы немесе қолданылуы негізінен зерттеу нысанына байланысты болады. Коннотация тілді зерттеуде және сөздің әдеби қолданылымын түсінуде маңызды рөл атқарады. Өйткені, сөздерді контекстке және жағдайға байланысты оң немесе теріс мағынамен қолдануға болады. Коннотация сөзге, сөз тіркестеріне эмоционалды немесе әлеуметтік әсер беретін субъективті мағына. Қолданылу аясына орай коннотацияның бейтарап түрі де кездесіп отырады.

Коннотация өзі мағынасын білдіретін нысаналы сөздің шартты құрамдасы болмаса да, сол тілде сөйлеушілердің сана-сезімінде сөзге байланысты тұрақты түсініктер қалыптасқанына байланысты қосарлана жүреді. Мәселен, «түлкі» сөзі жануарды білдіретін болғанымен, халық танымында қулықпен, айлакерлікпен, аярлықпен байланысты бейнеде тұрақтанып қалғандықтан, коннотациялы мәнде осы мағыналармен қауымдасып (ассоциацияланып) тұратын тұрақты тіркестердің туындауына және қолданылуына жағдай жасайды. Коннотацияны мазмұндық, мәдени, ұлттық, эмоционалды, идеологиялық, бағалауыштық қасиеттері бойынша жіктеп қарастыру тіл білімінде орнығып үлгерген.

Тұрақты тіркестер ұлттың тарихи өткенімен, әлемді танудағы сана-сезімдерімен және танымдарымен, мәдени құндылықтарымен және жетістіктерімен тығыз байланысты болғандықтан ұлттық ерекшеліктерді тіл арқылы нысаналауда маңызға ие.

### \*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Арынбаева Д.Ж., Байғұтова Д.Н., Құрбанов А.Г. Д. Исабеков шығармаларындағы фразеологизмдердің ұлттық коннотациясы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №2 (132). – Б. 102–114. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.47>

### \*Cite us correctly:

Arynbaeva D.J., Baigutova D.N., Qurbanov A.G. D. Isabekov shygarmalaryndagy frazeologizmderdin ulttyq konnotaciasy [National Connotation of Phraseology in the Works of D. Isabekov] // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2024. – №2 (132). – B. 102–114. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.47>

Мақаланың редакцияға түскен күні 01.04.2024 / қабылданған күні 12.06.2024

**Кілт сөздер:** мағына, коннотация, тұрақты тіркес, Д.Исабеков шығармашылығы, ұлттық тілдік ерекшеліктер.

**D.Zh. Arynbayeva<sup>1</sup>, D.N. Baigutova<sup>2</sup>, A.G. Kurbanov<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Lecturer of the South Kazakhstan Pedagogical University named after U. Zhanibekov  
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: dildagul.aryn@mail.ru

<sup>2</sup>Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, South Kazakhstan Pedagogical University  
named after U. Zhanibekov (Kazakhstan, Shymkent), e-mail: dinar\_1378@mail.ru

<sup>3</sup>Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, South Kazakhstan Pedagogical University  
named after U. Zhanibekov (Kazakhstan, Shymkent), e-mail: agapasha.kurbanov.67@bk.ru

### **National Connotation of Phraseology in the Works of D. Isabekov**

**Abstract.** The article examines the manifestations of national connotation in phraseological units and stable expressions used in the works of the talented writer of the Kazakh people D. Isabekov. Connotation (Latin con (cum) – together and noto – to denote, quote) is an additional, concomitant meaning of a language unit. Connotation includes semantic or stylistic elements that are known to be related to the main meaning of the word. Connotation is used to express emotional and evaluative shades of speech. The meaning or use of denotation (the lexical meaning of a word) and connotation largely depends on the subject of the study. Connotation plays an important role in learning a language and understanding the literary use of a word. Words can be used with a positive or negative meaning depending on the context and situation. Depending on the circumstances of the application, there is also a neutral form of connotation.

Although the connotation itself is not a conditional component of the target word expressing its meaning, it has a dual character due to the fact that stable concepts associated with the word are formed in the minds of native speakers of this language. So, the word “fox”, despite the fact that it means an animal, in the minds of the people, being stable in an image associated with cunning and cunning, the connotative meaning creates conditions for the emergence and use of stable expressions that are associated with these meanings. The classification of connotations by content, cultural, national, emotional, ideological, and evaluative qualities has already been established in linguistics.

Stable phrases are important for reflecting national characteristics through language, as they are closely related to the historical past of the nation, worldview and knowledge in understanding the world, cultural values and national achievements.

**Keywords:** meaning, connotation, linguistic unit, D. Isabekov's works, national linguistic characteristics.

**Д.Ж. Арынбаева<sup>1</sup>, Д.Н. Байгутова<sup>2</sup>, А.Г. Курбанов<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>преподаватель Южно-Казахстанского педагогического университета имени У. Жанибекова  
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: dildagul.aryn@mail.ru

<sup>2</sup>кандидат филологических наук, доцент, Южно-Казахстанский педагогический университет  
имени У. Жанибекова (Казахстан, г. Шымкент), e-mail: dinar\_1378@mail.ru

<sup>3</sup>кандидат филологических наук, доцент, Южно-Казахстанский педагогический университет  
имени У. Жанибекова (Казахстан, г. Шымкент), e-mail: agapasha.kurbanov.67@bk.ru

### **Национальная коннотация фразеологизмов в произведениях Д. Исабекова**

**Аннотация.** В статье рассматриваются проявления национальной коннотации в фразеологизмах и устойчивых выражениях, использованных в произведениях талантливого писателя казахского народа Д. Исабекова.

Коннотация (лат. *con* (*cum*) – вместе и *noto* – обозначать, цитировать) – дополнительное, сопутствующее значение единицы языка. Коннотация включает семантические или стилистические элементы, которые, как известно, связаны с основным значением слова. Коннотация служит для выражения эмоциональных и оценочных оттенков речи. Значение или использование денотации (лексического значения слова) и коннотации во многом зависит от предмета исследования. Коннотация играет важную роль в изучении языка и понимании литературного использования слова. Слова могут использоваться с положительным или отрицательным значением в зависимости от контекста и ситуации. В зависимости от обстоятельства применения встречается и нейтральная форма коннотации.

Хотя коннотация сама по себе не является условной составляющей целевого слова, выражающего его значение, она носит двойственный характер из-за того, что в сознании носителей этого языка сформированы устойчивые понятия, связанные со словом. Так, слово «лиса», несмотря на то, что обозначает животное, в сознании народа, будучи устойчивым в образе, связанном с хитростью и коварством, коннотативное значение создает условия для возникновения и использования устойчивых выражений, которые ассоциируются с этими значениями. Классификация коннотаций по содержательным, культурным, национальным, эмоциональным, идеологическим, оценочным качествам уже закрепились в лингвистике.

Устойчивые словосочетания имеют важное значение для отражения национальных особенностей через язык, так как тесно связаны с историческим прошлым нации, мировоззрением и познаниями в понимании мира, культурными ценностями и национальными достижениями.

**Ключевые слова:** коннотация, мировоззрение, устойчивые фразы, творчество Д. Исабекова, национальные языковые особенности.

### Кіріспе

Фразеологиялық бірліктер мен тіркесімдер сөз қорындағы айналымның маңызды бөлігін құраумен бірге сөйленімнің әсерлігі мен көркемділігіне де тікелей ықпалын тигізеді. Сонымен қатар тұрақты тіркесімді сөздер легінде лингвистикалық ерекшеліктермен қоса ұлттың тарихи өткені, рухани және заттай мәдени мұралары мен халықтың дәстүрі мен салты, тіршілік бейнелері мен тұрмыстық сипаттары, сенімдері мен нанымдарының ұшқындары, діни көзқарастары мен дүниетанымдарының тілденген формалары көрініс тауып отыратындықтан, ұлт болмысын тануда және танытуда фразеологизмдердің алар орны алабөтен екенін айтып өту керек.

Тұрқы жинақы болса-дағы тұрақты тіркестер бейнелілік және әсерлілік-сезімділік (экспрессивті-эмоционалды) қуатының динамикасына байланысты құрамдасқан ой легінің түпкі мәнін айқын білдіруімен, қоғамдық тіршіліктің қордаланған тәжірибелік материалдары мен саналы деректерін дәлелді көрсетуімен және тұжырымдап түйіндеуімен де ерекшеленіп тұрады [1, 216-б.]. Ормандай қалың ойды тұтамдай қалыпқа кіріктіріп, қысқа да нұсқа туындатып айта білуді халық қашаннан-ақ шешендіктің, даналықтың, ділмарлықтың белгісіне балап, құрметтеп бағалаған. Тілдің мұндай бейнелі, кестелі, орамды бірліктері өзара сыбайласа, байланыса келіп тұтас көркем сипатты сөз тіркестері мен орамдарын, сөйлем құрылымын қалыптастырады және тілдің құнарын арттырып, нәрін молайтады, байыта түседі. Осындай ерекшеліктеріне байланысты ұлт болмысын тануда және өзгелерге танытуда этностық ең басылып, маркерленген фразеологиялық бірліктер мен қатарлардың атқаратын қызметі орасан.

Әлемдегі тілдердің қайсыбірі болмасын өз ұлтының болмысын қамтып тұратын тұрақты орамдар мен тіркестерге кенде еместігі белгілі. Бұл қырынан қарағанда фразеологиялық тіркестерді зерттеу әлем мәдениетін, тарихын, этнографиясын тілдік жазықтықта зерделеу деп айтуға да болатын ауқымды құбылыс. Қазақ тілінде де бұл бағыт

назардан қалыс қалмаған, ғылыми негізделген зерттеулер мен зерделеулер тұрақты әрі жан-жақты жүргізіліп, жасалып келеді [2, 152-б.]. Ұлттық бейнемен нақышталған тұрақты тіркестердің бойына сіңіскен тілдегі болмысы, айшықтылығы, айқындылығы, коннотациялы мән үстеуі және бағалаудағы орны әлі де зерттей түсуге сұранып тұрғаны байқалады.

Тіл бірліктері ретінде тұрақты тіркестердің өзіндік табиғатын пайымдауға және олар жайында тұжырымдар қалыптастыруға мүмкіндіктер ашылуы үшін коннотациялы тұрғысынан тұрақты тіркестерді стилистикалық, лингвомәдени, прагматикалық қатпарларынан зерттеу маңызды болып табылады. Бүгінгі таңда кең қолданысқа алынып келе жатқан танымдық-теориялық әдістілікке орай тіл табиғатын санамен, оймен, өмірлік жағдайлармен және адаммен біртұтас алып қарау керек болады. Антропоорталықтанған парадигмалық көзқарасқа сәйкес, ғылыми тұрғыда тілдегі білімдерді дамыту үшін мұндай тұтастық сөзсіз сақталып отыруы тиіс.

Стилистикалық жағынан ықпалы басым, прагматика жағынан әсері күшті, бейнелеу тұрғысынан мүмкіндігі мол болғандықтан фразеологизмдер тілдегі тәсілдердің қуаттысы болып табылып, мәтіндердің қайбірінде болсын стилистикаланған санаттардың шоғырын құрап тұрады. Сөзді өткірлеп, кесімді ететін, тілді жандандырып, ойнақыландыратын да осы тұрақты тіркестер. Бойында қан ойнап тұратын болғандықтан фразеологизмдер мен олардың коннотацияланған мәндері ұлт болмысының бейнесі ретінде қарастырылады.

I. Кеңесбаев белгілеген бағытқа сәйкес тұрақты тіркестерді жіктеу және зерттеу барысы бүгінгі таңда да өз жалғасын тауып келеді. Ғалымның бағыттаған нұсқауына сәйкес тұрақты тіркестердің өзіндік стильдік даралығы, нұсқалы (вариантты) болуы, тұрақты тіркестердің сөз таптарына қатысты категориялылығы, жекелеген қаламгерлердің қолдануына орай ерекшеліктері, тұрақты тіркестердің ішкі құрылымы мен мағыналық қалыптасуы, тұрақты тіркестердің тілдегі құбылыс бірліктерінен өзіндік ерекшеліктері секілді бағыттармен қарастыруға болады [3, 712-б.].

### **Зерттеу әдістері мен материалдар**

Тұрақты тіркестер қоғамның, ондағы адамдардың түрлі сипаттары мен қасиеттерін танытып, сол арқылы тұжырымдар жасауға жол ашады. Жазушылар мен ақындардың әдеби көркем қолданысқа кіріктіруі арқылы халық арасындағы тілдік байлықтар құлпырып, түрленіп, әр қаламгердің шеберлігі мен қолтаңбалық ерекшеліктеріне орай мағыналық тұрғыда өнімделіп, реңденіп, құбыла түседі. Сонымен бірге өз заманының үнін жеткізіп, тиесілі дәуірдің еншісіндегі қоғамдық тынысты, халықтың әлеуметтік көзқарастары мен танымдарын байқатып, тұрмыстық жағдайынан хабар беріп тұрады. Бұл қырынан тұрақты тіркестер әдеби бірлік ретінде қаламгердің көркемдік шеберлігін, дүниетанымдық бояулары мен өзіндік даралығын аңдатады [4, 56-б.].

Мақалада зерттеуге негіз етілген тақырыпты зерделеу барысында жинақтау, салыстыру әдістерінің қағидалары негізге алынды. Сонымен қатар мақаланы жазуда анализдеу, ой қорыту, тұжырымдау, талдау, синтездеу әдістері қолданысқа алынды. Көмекші әдістер қатары келесідей жүйелерден жасақталды:

- этнолингвистикалық әдіс көмегімен фразеологизмдердегі ұлттық-мәдени ерекшеліктер ашылып, олардың қазақ халқының әлемтанымы мен тарихи халықтық санасына қатыстылығы зерделенді, қаламгер қолданысындағы тұрақты тіркестердің ұлттық мәдениетпен, салт-дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен байланысы нақтыланды;

- контекстуалдық талдау әдісі арқылы тұрақты тіркестердің нақты мәтіндік контексттердегі қолданысына талдау жүргізіліп, осы арқылы фразеологизмнің өз бойындағы нақты мағынасы мен оның шығармадағы жалпы мағынаға қосатын үлесін анықтау жүзеге асырылды;

- семантикалық талдау әдісі бойынша тұрақты тіркестердің мағыналық құрылымы зерттеуге алынып, тұрақты тіркестер бойындағы ұлттық коннотация мен олардың қазақ мәдениетіне тән ерекшеліктері айқындалды;

- лингвомәдениеттану әдісі арқылы жазушы шығармаларындағы фразеологизмдер қазақ мәдениетінің біртұтас жүйесінің элементтері екені айқындалды және көрсетілді;

- көркемдік талдау әдісі арқылы автордың стилін қалыптастыруда фразеологизмдердің атқарған рөлі мен олардың шығарманың эмоционалдық әсерін күшейтуге қосатын үлесін анықтау жүзеге асырылды.

Аталған әдістер жазушының туындыларындағы фразеологизмдердің орны мен рөлін, мағыналық ерекшеліктерін айқындауға қатысып, олардың мазмұнын, құрылымын, және негізгі идеяларын зерттеу барысын жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Өзіндік қаламгерлік қолтанбасымен дараланған қазақ халқының ардақты жазушыларының бірі Д. Исабековтың шығармалары терең ойлылығымен, кең мағыналылығымен, сыршыл сезімділігімен қоса тұрақты тіркестердің асыл кені болып табылады. Жазушының өзіндік қолданысына орай шығармадан орын тапқан фразеологиялық тіркесімдер дәл өз тұғырларын табуымен, мағыналық тұрғыда кеңі, байи түсуімен, сөйлем құрамында «кетігін тауып қаланған» келістілігімен ерекшеленеді және жазушының туындыларын көркемдендіре, құнарландыра, әлеуметтендіре түскені байқалады. Бұлардың мәнін ашып, мазмұнын айқындау барысы «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі», «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (І. Кеңесбаев), «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» (С. Кенжеахметұлы), «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (Р. Сыздықова, А. Ысқақов, Ш. Сарыбаев) секілді іргелі еңбектерге сүйене отырып жүзеге асырылды.

Тұрақты тіркестердің тілдік табиғатына байланысты Р. Авакова, Ғ. Қалиев, І. Кеңесбаев, Т. Сайрамбаев, Г. Қосымова, А. Ысқақов, Б. Қасым секілді ғалым тілші-лингвистер іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ортаға салған келелі ойлары назарға алынды. Зерттеу барысында еңбектері қолданысқа алынған ұлт және тіл арасындағы байланыстар мен арақатынастарды айқындауға үлес қосқан зерттеушілердің қатарынан Н. Уәли, А. Ислам, Г. Смағұлова, Е. Жанпейісов, М. Манкеева секілді лингвист-ғалымдарды атауға болады.

### **Талдау мен нәтижелер**

Коннотациялар сөздің заттық-ұғымдық және грамматикалық мағыналарын стилистикалық және сезімдік (эмоциялық) реңдермен толықтырады, сөздегі мағыналардың бейнелік-ассоциативтілік тұлғаларына қосымша мағыналарды үстейді.

Түптеп келгенде, коннотация – белгілі бір сөзге байланысты қосалқы, жанама мағына екенін айтуға болады. Сөздің тікелей лексикалық мағынасынан тыс жататын және онымен түрлі ассоциативтік жолдармен мәндесіп байланысып тұратын символдық немесе тілдік мағыналар. Коннотациялы мағына сөздің сөздіктегі мағынасынан гөрі кең ұғымды қамтып тұрады. Мысалы, «үй» сөзінің тікелей лексикалық мағынасы тұрғын үй құрылымын білдірсе, бұл сөздің коннотациялы мағынасы «жайлылық», «қауіпсіздік», «отбасы» секілді және басқа да эмоционалды немесе мәдени мағыналы жиынтықтарды қамтиды.

Түрлі мәдени мәнмәтіндерге орай және әр адамның жеке өмірлік тәжірибесі мен қабылдау деңгейіне байланысты коннотациялар өзгеруі мүмкін [12, 167-б.]. Бұл термин лингвистика мен әдебиеттануда сөздердің немесе сөз тіркестерінің әртүрлі контексте иемденетін қосымша мағыналарын сипаттау үшін қолданылады.

Коннотациялар оң, теріс немесе бейтарап болуы мүмкін. Олар коммуникацияның (мәтін, кескін, дыбыстық жазба, т.б.) түрлерін қабылдауға айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Сөйлеушіге белгілі бір коннотациялы мәні бар сөздерді қолдану арқылы тыңдаушылардың

белгілі бір эмоцияларын тудыруға немесе хабарламаның белгілі бір аспектілерін баса көрсетуге мүмкіндік алады.

Коннотациялар мәдени-әлеуметтік және тарихи мәндермен тығыз байланысып жатады. Белгілі бір сөздер немесе сөз тіркестері түрлі қоғамдарда немесе уақыт кезеңдерінде олардың қабылдауына әсер ететін саяси, діни немесе мәдени реңктерге ие болуы мүмкін.

Әдебиетте неғұрлым бай мағыналы және терең мәнді шығармаларды туындату үшін қаламгерлер коннотацияларды жиі және тұрақты пайдаланады. Белгілі бір коннотациялы сөздерді таңдау шығарманың тақырыбын баса көрсетуі немесе белгілі бір көңіл-күй тудыруы мүмкін.

Дей тұрғанмен, коннотациялар әрқашан әмбебап бола бермейтінін де есте ұстау керек. Олар өздерінің даралық белгілеріне және қолдану контекстіне орай өзгеріп отыруы да мүмкін. Коннотацияларды сыни тұрғыдан талдау тіл табиғатын және оның тыңдаушы аудиторияға әсерін толық түсінуге, сондай-ақ сөздер мен сөз тіркестерінің үстірт лексикалық мағыналарының астарында жасырынып тұратын көптеген мағыналарды түсінуге көмектеседі.

Коннотациялар уақыт өтуімен және мәдени-тарихи жағдайлардағы түрлі құбылыстарға байланысты өзгеруі де мүмкін. Бір дәуірде немесе белгілі қоғамда белгілі бір коннотациялы сөздер жаңа мағыналарға ие болуы немесе керісінше, бойында болған ескі мағыналарын жоғалтуы мүмкін. Адамдардың да коннотацияларды қабылдауы жеке өмір тәжірибесіне, біліміне, мәдени деңгейіне, кәсібіне, және басқа да факторларға орай түрліше болады. Осыдан келіп коннотацияларды талдаудағы күрделілік туындайды және бұл барысты көп жағдайда субъективті құбылыс санатына шығарады. Денотативті (тікелей, лексикалық) мағынаны да, коннотативті (ассоциациялы, эмоционалды) мағынаны да қарастырып зерделеу тіл білімінде маңызды орын алады.

Лингвистикада коннотацияның екі түрі бар: жеке және мәдени. Жеке коннотациялар адамның жеке тәжірибесімен, ассоциацияларымен байланысты болса, мәдени коннотациялар қоғамдағы жалпы қабылданған нормалар мен құндылықтарға негізделеді.

Коннотацияларды зерттеу тілдің ақпаратты ғана емес, эмоцияларды, қарым-қатынастарды және мәдени реңктерді жеткізу үшін қалай қолданылатынын жақсырақ түсінуге көмектеседі. Тіл білімінде «бейтарап коннотация» немесе «бейтарап мағына» ұғымы да бар. Бұл – сөзде немесе сөз тіркесінде айқын эмоционалды немесе бағалаушылық бірлестіктерінің жоқтығын білдіреді. «Сөйлеушінің дискурсындағы эмоционалды факторлар адамның мінез-құлық-әрекетін, оның ішкі ойлары мен интуициясын түсінуге септеседі» [13, 88-б.].

Сөз тіпті бейтарап болуы неғайбыл болғандықтан, бейтарап көрінетін сөздердің өзі мәнмәтінге (контекст) байланысты белгілі бір реңктерді көтеріп тұруы мүмкін. Коннотацияларды түсіну оқырмандарға шығарманың тілінде кодталуы мүмкін болған мағыналық қабаттарды жете танып, жақсы қабылдауға көмектеседі.

Осылайша, коннотациялар мәтіннің эмоционалды қабылдануына, мәдени аспектілеріне және семантикалық тереңдігіне әсер ететін тілдік коммуникацияда шешуші рөл атқарады. Коннотацияларды талдау тілдің байлығын ашады, әлемді қабылдауымызда тілдің әсері мен орнын толық байыптауға көмектеседі.

Жазушы Д. Исабековтың қаламынан туған дүниелерді саралай келгенде олардағы қолданылған тұрақты тіркестердің сан алуандығы мен сапалылығы назар аудартады. Қаламгердің қолдануында тіркестер жан бітіп тірілгендей әсер беріп, ұлт болмысының ерекшеліктерін байқатуға қызмет етіп тұрғаны ә дегеннен көзге ұрады. Мәселен, «Шойынқұлақ» әңгімесіндегі фразеологизмдердің бірқатарына тоқталып өтелік:

- «Топырақ астында бұғып жатқан тіршілікті құдіретті күн сәулесі *қытықтап оятып*, бұ дүниеге сүйрелеп шығып жатқан сияқты. Нәп-нәзік өсімдіктер, *тасты да тесіп*, осынау өмірге елжірей қарап күн көзіне жапа-тармағай тесірейе қалысыпты» [5, 16-б.].

Осы үзіндідегі «*күн сәулесінің тіршілікті қытықтап оятуы*» бейнелі ой орамы, бояулы қолданыс болуымен бірге көктем келісімен жандана бастайтын, табиғаттың маусымдық ауысуына байланған қазақы тіршіліктен де хабар беріп, егіншілікпен, малшылықпен кәсіптенген халықтың көктемгі күннің нұры мен жылуын аңсап күткенін аңғартады. Ал, «*тасты да тесіп өмірге ұмтылған өсімдіктердің*» жанкешті әрекетін суреттеу арқылы тіршілік үшін күрестің, жарық күннің астында өмір сүруге ұмтылудың заңдылық-қағидалары жан иелерімен қатар өсімдіктерге де тән екенін байқатып, сол арқылы халық танымындағы терең де салмақты пәлсапалық ойды ортаға салатындай. Әдетте, «тасты тесу» тамшының үздіксіз, тынымсыз амалына телінетіні белгілі. Халық танымы «*тамшы тасты күштілігімен емес, өлермендігімен теседі*» деп, бұл құбылыстың машақатты, азапты екенін де аңдатады. Қаламгер осындай жанкештілікті қалыпты танымнан таратып өсімдіктерге аударады, олардың да күн көзін көруге деген мүмкіндіктері азап пен машақатқа, еңбекке толы екенін аңғартады.

- «Алыстан қарағанда кішігірім қала сияқты болып көрінген совхоз, ішіне енгенімде үйлері бытыраңқы, *берекесі қашып*, сиреп сала бергендей болды».

Мұндағы «*берекесі қашып*» тіркесі негізінен істің қиюы қашқанын, өнімділіктің кемігенін, ынтымақтың кетілгенін, тыныштықтың бұзылғанын білдіреді. «Түсіндірме сөздікте» айтылуынша: «Берекелену – молшылыққа кенелу, құт кіру»; «Берекесіз – үнемсіз, мардымсыз, пайдасыз, істеген ісінің тиянағы жоқ»; «Берекесіздік – береке жоқтық, ынтымақсыздық, алауыздық» [6, 110-б.].

- «Оның үнсіз тұрғанына *қыжырым қайнап*, қол бұлғағанына да қарамай, жанынан өте шықтым. *Қарымын қайтарғым* келді. Қайта оралсам ол *бұлқан-талқан ашуланып* жүр екен».

Қаламгер қолданған «*қыжырым қайнап*» тіркесі ашулану, ызалану, іштей егесу мағыналарын білдіреді. «Қыжыр» тілдік мағынада терідегі қатпарланған қыртыс болса, ауыспалы мәнде адамдардың арасындағы байланыстың жұмсақтық пен нәзіктігін, сыйластығын жоғалтып қатқылдана, қатулана бастағанын аңдатады. «Қыжырлану» - ашулану, «қыжыраю» – қырсығу, кері тірлік істеу, қыңырлану, «қыжырту» - кекету, күлі ету, мұқату.

«*Қарымын қайтару*» тіркесі есесін алу, ақысын қайтару мәнінде келеді. Ілгергі қазақ қоғамында «барымта» жылқы малын айдап әкетіп қалу болса, «қарымта» – сол айдалып әкетілген жылқыларды қайтару немесе орнына құнын төлеу барысын бейнелеген. Ақындық өнерде қарымын қайтару - «жауап қайтару», қарсыласының айтқанына орай тіпті одан асыра отырып сөз шенеу, өлең ұйқастыру. Адамдар арасындағы жақсылық жасау, өзара көмек көрсету істеріне және шаруашылық барыстарына байланысты «қарымын қайтару» мәні «жемісін көру», «жасаған жақсы ісінің нәтижесін көру», «еткен еңбегімен табысқа кенелу» мағыналарын қамтиды.

«*Бұлқан-талқан ашулану*» адамның шектен тыс ашуға мінгенін, долданып, булыққанын бейнелейді. «Бұлқан» - тынышсыз, қолайсыз, жайсыз; «бұлқан болу» - ренжу, ашулану. «Талқандау» - майдалап тастау, қыру, жою, қирату, бүлдіру. Мұндайда «*ашуына мінді*», «*ашу қысты*» деген де тіркестер қолданылады.

- «Бұл – «Ер Төстік» ертегісіндегі Шойынқұлаққа теңеп, құрдастарының *таққан айдары* емес пе екен?».

Айдар тағу – ертеден келе жатқан халық дәстүрі. «Айдардың» түпкі мәні «балалардың төбесіне қойылатын бір шоқ ұзын шаш» [7, 752-б.]. Сонымен бірге әлдекімге жанама ат қойып, лақап есім беруді де ел арасында «айдар тағу» деп атау қалыптасып кеткен. Осыған орай «ат қойып, айдар тағу» тіркесі жиі қолданылады.

- «Біздің Тілеуғабыл жақсы адам болғанымен *мінезі шарт, тілі ащы* ғой» [5, 8-б.].

Тілдің *«ащылығы»* айтылар сөздің қыршаңқы, кекесінді, тістемелі болуын білдіреді. Сөйлегенде сықақтап, уыттап, зәрлеп тілді безеуді бейнелейді [7, 744-б.]. Мұндай қасиет кейбіреулерде туа бітті мінез болса, енді бірде қолдан жасалған болып, құрбы-құрдастардың, дос-жарандардың ортасында, әзілі жарасымды және өтімді адамдардың арасында әдейі бірін-бірі тілімен қағып-соғып, тиісе тістемелеп сөйлеуден туындап жатады. Уытты болса да, тауып айтылған болса естушілер сөзге тоқтап, «Тауып айтқан сөзге тоқтам бар» деп бәтуға келеді [8, 250-б.].

- «Шойынқұлақ оны жұлып алады да, біраз мыжып-мыжып, *ерге теріс қарай отырғызып*,... жүгенін сыпырып қоя береді» [5, 9-б.].

Ерге теріс мінгізу ежелден ел арасында кең таралған құбылыс. Қатты ағат іс жасап кінәлі болған адамды жазалау әрі тәрбиелеу мақсатында есекке немесе сиырға ер байлап, соған теріс қарата отырғызып ауыл-аймақты аралататын үрдіс болған. «Ата-анасына тіл тигізген немесе қол жұмсаған ұлды мойнына құрым кигізіп байлап, қара сиырға теріс мінгізеді» («Жеті жарғы заңынан») [9, 156-б.].

- «Бірақ, өжетсің, тіл тарту дегенді білмейтін *бір беткейсің*» [5, 10-б.].

Айтқанынан қайтпайтын, өз дегенінде тұратын, бағытынан айнымайтын жандарды *«бірбеткей»* деп сипаттайды. Бұл мақтаулы сипат болғанымен, орынсыз істерде табандап тұрып алғанда кері сипатқа да айналуы мүмкін қасиет болып табылады. Мұндайда «қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» деп, көпшіліктің бәтуасына қайшы келгенді «қыңыр», «кесір» деп айыптаған. «Түсіндірме сөздікте»: «Бірбеттілік – біржақтылық, қайсарлық, айтқанынан қайтпаушылық», - деп көрсетілген [6, 145-б.].

- «*Жығылған үстіне жұдырық* дегендей, бір күні Нәзираның күйеуге тигенін естідік» [5, 13-б.]. Жұдырық – саусақтарды түгел бүгіп жұмғандағы қолдың басы. Ауыспалы мағынада «тоқпақ», «соққы беретін зат», «соққы». Әлдебір істі атқару қиынға соғып жатқанда оған басқа шаруаның қосарлануы, «сорға сор қосылып, бұрынғының үстіне жаңа бәле жабысты деген мағынада» [7, 752-б.].

Көріп отырғанымыздай, қаламгердің тұрақты тіркестерді қолдануы барысында халықтық танымның қырлары ашылып, сөздер мен сөйлемдердің мәні құбылып, мағынасы түрленіп, ұлттық сөз өрнектері нақышталған. Ұлттық коннотацияны сақтауда және жеткізуде фразеологизмдердің атқаратын қызметі алуан түрлі және маңызды [10, 380-б.]. Мәселен, тіл білгірі І. Кеңесбаев былай дейді: «Фразеологизмдердің құрылым жағынан қалыптасып, компоненттерінің тіркесу амалдарында бір заңдылық бар. Өмір талабынан туған фразеологизмдер талай дәуірдің елегінен өтіп, құрамы, жасалу тәсілі жағынан, мағынасы жағынан бір жүйеге түскен» [3, 712-б.].

Оралымды болып келуі тұрақты тіркестердің тілдегі басқа бірліктерден ерекшеленіп тұратын тұсы болып табылады. Фразеологизмдер дайын күйінде қолданысқа алынып, тіркес құрамындағы бірліктер қашаннан қалыптасып қойған қалпы бойынша орындары мен тәртібін сақтай отырып пайдаға асырылады.

Тұрақты тіркестер астарлы мағыналарды да, туынды мәндерді де қамтып, өзінің өрістеу кезеңінде семантика жағынан өзгеріп, дамып отырады. Атқаратын қызметі тұрғысынан экспрессивтілік жүкті де арқалайды.

Шыққан тегін қарастырғанда тұрақты тіркестер жайлы мыналарды келтіруге болады:

- тұрақты тіркестер құрылымы мен мағынасы тұрғысынан тиянақ тапқан сөз бірліктерінің өзара тіркесуі арқылы туындайды;

- дәуірлер бойында ел арасында қалыптасып, халықтық танымда жатталған, сақталып жеткен дайын қалпында қолданысқа алынуы ұлттың тарихи жадының кодталып бүгінге жеткен және тілдік тәсілге айналған көрінісі болып табылады;



- тұрақты тіркестер негізінен астарланған мағыналарды, бейнелі ұғымдарды білдіруге жұмсалады.

Тіл тек коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге адам өмірінің кумулятивті, яғни жинақтаушылық, мұралаушылық қырының көрінісі болып табылады. Адам баласының дамуы мен өмір сүруі барысындағы әлем жайлы білімдерінің жинақталуының маңызды тәсілдерінің бірі тіл. Тіршілік барысында объективті әлемнен білген танымдық нәтижелерін адам сөз күйінде сақтайды. Тіл арқылы лингвистикалық түрде сақталған осындай білімдердің жиынтығы «әлемнің тілдік бейнесін» құрайды [11, 127-б.].

Адамдағы тілдік қызметпен қатар психологиялық қызметтердің ара-жігін жалғастырып тұру коннотация құбылысының бір қыры болып табылады. Бұлай болатын себебі, стилистикалық мәндеуден бастап бағалаушылық, экспрессиялық және эмоциялық құбылыстар психологиялық қызмет болып табылады және ол тілдің қызметі арқылы көрініс табады.

Тұрақты тіркестердегі коннотациялық құбылыстарды жазушы Д. Исабековтың шығармашылығынан айқын аңғаруға болады. Қаламгердің қолдануында тұрақты тіркестер өз мүмкіндіктерін толық іске қосқаны, фразеологизмдер түрінде кодталған мағыналар арқылы ұлттық ерекшеліктерді жеткізу, көрсету қызметін өз деңгейінде орындап тұрғаны байқалады. Мысал ретінде «Қара шаңырақ» әңгімесіндегі тұрақты тіркестер топтамасын келтіруге болады:

- «... Иесінің әлденеге ашулы екенін біле қалған әккі есек бірден сергіп, типындаған *жорғасына басып* үйренген жолдың шаңын будақтата үйге тартты» [5, 15-б.]. Денотативті мәнде «жорға» сөзі «жылқының төрт аяғын тең салып, ырғалта, тайпала басқан жүрісі» дегенді білдіреді. Қаламгердің қолдануында бұл сөз түрленіп, «үйренген әдетіне салды», «айтқызбай-ақ істеді», «дегізбестен түсінді» деген мәнде қолданыс тауып, жылқыға байланысты қолданылатын тура мағынасынан ауысып, коннотативті реңкке ие болған. «Жорға» сөзінің түп-төркіні «*жор*» - «*жүру, қозғалу, қимылдау*» екенін, «жорту», «жортуыл» сөзі де осы мәнде келетінін ғалымдар зерттеп, көрсетіп өткен [14, 240-б.]. Осыған байланысты «*қаздай жорғалады*», «*құрдай жорғалады*» деген тіркестердің де қимыл мен қозғалысқа байланысты екенін ескерте кету орынды болмақ.

- «Әлі тым жас қой көке, сәл *буыны қатайсын*, сонан соң өзім апарып тастаймын» деп күмілжіген [5, 15-б.].

«*Буыны қатаю*» тұрақты тіркесі «ержету, жетілу», «шыңдалу, ысылу» деген мағыналарды береді. Сонымен бірге «*буыны беку*» тұлғасында да қолданылады [7, 744-б.]. Бұл сөз тіркесі баланың тек қана сыртқы тұрпаты жағынан даму барысын мағыналаумен шектелмейді, оның ойындағы, танымындағы, эмоциялық-психологиялық өсуін де қоса мағыналап тұрады. Кей жағдайларда сыртқаттанып, әлсізденіп, төсек тартып ұзақ уақыт жатып қалған адам да бала кейіпті болып басқаның қолына қарап, көмегіне сүйеніп қалатыны рас. Осындай жағдайға түскен адам соңыра жағдайы оңалып, қайта әлденіп, бойына қан жүгіре бастауын да «*буыны қатайып жатыр*», «*аяғына тұрып кетті*» деп сипаттап, жалғасты болған сырқатты жеңіп шыққанның, өз-өзіне келгенін, денсаулығы қайтадан қалыпқа келе бастағанын білдірген. «*Буыны қатаю*» тіркесі «өзгеріске икемсіздену», «жаңалықтарды қабылдай алмау», «көн терідей қатып қалу» мәнінде де келеді. Мұндайда жасы келген кісілердің замана өзгерістеріне икемделе алмай жатқанын, әбден танымдық та, тәжірибелік те тұрғыда сомдалып, қалыптасып үлгерген адамның құбылуы қиынға соғатынын білдіру үшін де қолданысқа алынады.

- «*Шымкент тақиясына тар келгендей*, Алматы асып кетті» [5, 16-б.]. Әлдекім әлденені менсінбей, жаратпай, өзіне шақ көрмегенде айтылатын сөз тіркесі. Қанағат тұтпау, менсінбеу, жеткіліксіз көру мәндерінде келетін «*жұмырына жұқ болмады*», «*алғаны алақанының шетінде қалды*», «*жұтқанын жұмыршағы сезбеді*», «*бит сыққан құрлы көрген*

жок» деген секілді тіркестермен бірге мағыналық үйлесімділік табады. Тіркес біреудің шамасы жетпейтін іске орынсыз ұмтылуын, өз жағдайын есепке алмай қиынға қарай талпына беруін де астарлайды. Өйткені, шамасы келіп тұрған іске білек сыбанған біреуге байланысты қолданылғанда «*тақиясына тар келу*» тіркесі «*бұл деңгейден өсті*», «*келесі деңгейге өтті*», «*алға қарай ұмтылып жатыр*» мәндерін білдіреді. «Бір нәрсені азырқап, қомсынған адамға осы да жетер деген ұғымда айтылады» [3, 450-б.]. «Осы да жетер, бұ да болса пайда» мәнінде.

- «Шөмішбай қарт орнынан тұрып, *аспан айналып жерге түссе де* тастамайтын тер сіңген күпәйкесін киді» [5, 18-б.].

Қандай жағдай болса да, нендей оқиға орын алса да тұрақты, тиянақты, дәйім жасалатын әдетті немесе істі білдіруге қолданылатын тіркес. Аспанның айналып жерге түсуі әлдебір алапат оқиғаның, табиғи қалыпты түгелімен түрлендіріп жіберуге қауқарлы түбегейлі құбылыстық өзгерістердің орын алғанын білдіруге, діни мәнмен айтылғанда дүниенің таусылып, заманақырдың орнағанын сипаттауға байланысты келеді. Сонымен бірге, аптап ыстықты, жазғы шілденің күн райын сипаттауға да қолданылады. «Өте ыстық, аңызак аптап, шілденің қатты қапырық күні» [15, 480-б.].

- «Денесін балбыратқан рақат бір тыныштық лезде ғайып болып, *қас пен көздің арасында* басына нөқта, мойнына қамыт түсіп...» [5, 18-б.].

Әлдебір әрекеттің жылдам жасалуы не болмаса құбылыстың соншалық қысқа уақыт аралығында болып өтетіні сондай, адам оны байқап та, сезініп те үлгере алмай қалуын бейнелейді. Өзі мәндес «жұтынып үлгергенше», «ә дегенше», «ә деп аузын ашқанша», «мойын бұрып үлгергенше», «демін жұтып үлгергенше» деген секілді тіркесімдермен үйлесім табады. Жылдам, тез, лезде деген мағыналарды білдіреді. «Лезде, тез, жылдам, көзді ашып-жұмғанша» [3, 800-б.]. «Өте қысқа мерзімде, лезде, тез, жылдам» [7, 744-б.].

Д. Исабековтың «Кемпірлер» әңгімесінен фразеологизмдер:

- «Үй болып, *түтін түтетіп* отырғанымызға шүкір» [5, 35-б.].

«Түтін» сөзінің коннотациялы реңі «үй», «отбасы», «шаңырақ» деген мағыналарды білдіреді. Тиісінше, «түтін түтетіп отыру» отбасын сақтап отыру, шаңырақты шайқалтпау, үйдің орнын жоғалтпау дегенге саяды. Бұл тіркес жаңадан отау тігіп, отбасылық жеке өмірлерін бастаған жас шаңыраққа да байланысты айтылады, не болмаса үй иесі өмірден өтіп, оның орнында қалған перзенттері мен ұрпақтары сол үйдің иелігін өз қолдарына алып, ары қарай тіршілік ағысын жалғастыра білгендерін жеткізуге байланысты айтылады. Осы мәндес «түтіні түзу шығу», «түтін басы», «түтін сайын», «түтіні бір болу» [3, 526-б.] секілді тіркестер белгілі. «Түтін» - «өз алдына бөлек үй-жай, отбасы».

- «Үйленгеніне он төрт жыл болса да келіншегі *құрсақ көтермеген*» [5, 37-б.].

Құрсақ көтермеген келіншекті бейнелеуге қатысты «*тар құрсақ*» тіркесі белгілі [7, 752-б.]. Тұрмыс құрғаннан кейін келіннің *құрсақ көтеруіне* байланысты *жүкті болды, екіқабат болды, шыр бітті, бала көтерді, аяғы ауыр* секілді тұрақты тіркестер қолданылады. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» айтылғандай, құрсақ – бала орналасатын орын, іш қуысы, жатыр. Ауыспалы мағынада «бала», «перзент» мәнінде келеді. Сонымен қатар «қарын», «асқазан» деген мағыналары «ашқұрсақ болу», «құрсағы тойғанша тамақ жеу», «құрсақ жібіту» тіркестерінен байқалады. «Балалы болу», «босану» мағынасын аша түсетін «құрсақтой», «құрсақшашу» тіркестері мен соған орай өткізілетін дәстүрлер белгілі. «Құрсақтас» сөзі «бауырлас, қарындас, жатырлас» мәндерін береді.

Ал, «Кемпірлер» шығармасында мынандай фразеологиялық тіркестер қолданыс тапқан:

- «Бір атадан қалған *жалғыз тұяқ* еді» [5, 37-б.].

«Тұяқтың» денотативті мағынасы «Малдың аяғының басындағы жер басатын мүйіз табаны» [16, 368-б.] дегенді білдерсе, тұрақты тіркес құрамында «*ұрпақ*», «*перзент*» деген мәнді иемденіп, коннотативті мәнде жұмсалып тұр. Соңында ұрпағы қалған адамдар жайлы

«тұяғы қалды» деу, ал ұрпақсыз өткен адамдарды «тұяқсыз өтті» деп сипаттау халық дәстүрінде қалыптасқан сөз үлгісі болып саналады. «Тұяқ» сөзінің қатысуымен «тұяқ серіппеді» (қимылдамады; әрекет етуге шамасыз болды; лезде, бірден (өліп кету); «тұяғын тасқа соқты» (қиын жағдайға ұшырау, азапқа тап болу) тіркестері жасалған.

- «...жиналған жұрт нәрестеге *ит көйлек* кигізіп те қойыпты» [17, 37-б.].

«*Ит көйлек*» – «жаңа туылған балаға кигізілетін, тігісі сыртына қараған көйлек (жейде)» [16, 325-б.]. Бұл атау қазақ халқының өзіне ғана дәстүрлі түсінікте қолданылатын ұлттық ерекшеліктердің бірі болып табылады. Осыдан келіп «ит көйлекті бұрын тоздыру», (*жасы үлкен, көпті көрген*), «ит көйлегі тозғанша» (*өскенше, жетілгенше*) деген тұрақты тіркестер қалыптасқан [7, 800-б.].

Қарастыра келгенде, коннотатты мағынаның құрамдас бөліктері қатарына бейнелілік, бағалаушылық, экспрессивтілік пен эмоционалдық категориялар кіретінін, коннотация сөздің лексикалық негізгі мәніне мағыналық реңк үстеп тұратыны айқын болады. Осындай қасиеттері арқылы фразеологизмдерде кодталған ұлттық ерекшеліктер мен айшықтарды сақтау және жеткізу қызметін атқарып, тіл білімінің құралдары мен категорияларының қатарынан орын алады. Әлемнің бейнесін тіл арқылы ұғымдау, танымдық тәсілге жүгіну арқылы тұрақты тіркестердің ішкі мағыналық қабаттарын зерттеу нәтижесінде дүниенің тілдік образын қалыптастыру барысы жүзеге асырылады [15, 480-б.].

### Қорытынды

Тілдегі бірлік есебінде тұрақты тіркестер халықтың танымынан бастау алып, ұлт мәдениетінің ұйытқысы болу қызметін атқарады, фразеологизмдерде ежелгі мифтік сілемдермен бірге ұлттың дүниеге философиялық көзқарасының, діни танымының, фольклорлық үлгілерінің нұсқалары сақталып тұрады. Осындай ақпараттық және мәдени кодталуы ерекшелігіне байланысты әдеби туындылардағы тұрақты тіркестерді, олардағы тұжырымдамалық кеңістікті зерттеу тіл білімі саласындағы өнімді және өзекті мәселе күйінде қалып отыр. Қазақ ұлтының дәстүрлері мен үрдістерін, әлемді танудағы және қабылдаудағы өзіндік менталдық даралықтарын, халықтың ойлау қалпы мен мәдени жүйесін фразеологизмдердегі терең және жан-жақты мағыналардан таратып тану және бұл үдерісті антропоорталықтанған парадигмалық қағидалары аясында жүзеге асыру да маңызды.

Ұлт танымындағы, тіршілік ету барысында орнығатын мәдениетіндегі символданатын мағыналарды қамтуда тұрақты тіркестердің қабілеті ерекше. Халықтың дүниені, табиғат құбылыстарын, жануарлар мен адамдардың бойындағы сипаттар мен қасиеттерді тану барысында тұрақты тіркестер мәдениленген мағыналарды сіңіреді. Мұндайда дүние өзіндегі заттық және физикалық мәндерінен ажыратылып, ұлт танымында рухани-элеуметтік мағыналарға ауысып, осы қасиеттері бойынша мәдени-символдық қызметті атқарады.

Фразеологизмдер бір тіл төңірегінде топтасқан ұлттың сана-сезімі ұлттық бірізділікпен құрылымдалуға ықпалын жасайды. Тұрақты тіркестер ұлттың мәдени элементанымына дендеп еніп, оның болмысын жекелеген тіркесті тіл бірліктері арқылы келесі заман мен ұрпаққа жеткізу қызметін атқарады, мәдени ұғымдардың көріністері ретінде қабілеттілік танытады және тіл арқылы жеке тұлғалардың да, қоғамдық ұжымның да элементанымының қалыптасу барысына белсенді қатысады. Бұл қырынан келгенде, коннотациялық мағыналар тұрақты тіркестердегі басты компонент болып саналып, бейнелік-ассоциативтік негіздің түсініктерге айналуы арқасында белгілі бір ұлттың, халықтың мәдени стереотиптенген нышаны ретінде көрініс береді. Коннотация мағыналы тұрақты тіркестер туындауында халықтың танымындағы қалыптасқан образды орамдар, әлем жайлы тұрақталған ассоциациялы түсініктер негізгі орынды иемденеді.

Ұлттық болмыстың, халықтың мәдени танымының негізінде тілдің орны айрықша. Ұлттық мәдениеттің кілтін кез-келген халық өкілі шеше алмайды. Ол үшін сол тілде сөйлеп,

сол тілде ойлап, сол халықтың топырағында аунап, суын ішіп, ауасымен демалу керек. Себебі «мәдени кодты ашудың кілті сол атрибуттармен тікелей байланысты» болады.

Қаламгер шығармасын тудырғанда қолданыстағы тілдің қалыптасқан дәстүрін сақтайды, сонымен бірге өзіндік авторлық шығармашылығымен мазмұндық-идеялық құрылыммен қатар мағыналық та ерекшеліктерге бой алдырады, тұрақты тіркестердегі коннотациялық мәндердің түрленуіне, толығыуына, құбылуына жол ашады. Тұрақты тіркестерді белгілі қалпының аясынан ауытқыта қолдану да шеберлікті қажет етеді және мұндай құбылудың әркез кері, сәтсіз бола бермейтіні де айқын. Тіпті, кейде қалыптан тыс қолданыс табу арқылы мағынасы байып, толыққан, түрленген фразеологизмдер оқырмандарға зор ықпал жасап жатады. Н. Уәли айтып өткеніндей, «белгілі мақсатты көздеп нормадан ауытқу прагматикалық ауытқу» болып саналады. Біз қарастырып шыққан Д. Исабеков шығармашылығында осындай бейнелі, ұлттық нышандары айшықталып көрініс тапқан фразеологизмдер қатары молынан табылады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – А.: Рауан, 1991. – 216 б.
2. Авакова Р.А. Фразеосемантика. – А.: Қазақ университеті, 2013. – 152 б.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – А.: Ғылым, 1977. – 712 б.
4. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – А.: Елтаным, 2010. – 56 б.
5. Исабеков Д. Таңдамалы шығармалары. – А.: Айғаным, 2014. – 216 б.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-т. / жалпы ред. басқарған І. Кеңесбаев. – А.: «Қазақ ССР ғылым академиясы», 1959. – 110 б.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том. / Құраст. Т. Жанұзақ, С. Омарбеков, Ә. Жүнісбек және т.б. – А.: Дәуір, 2011. – 752 б.
8. Авакова Р.Ә. Фразеология теориясы. – А.: Қазақ университеті, 2009. – 250 б.
9. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – А.: Алматыкітап, 2014. – 310 б.
10. Телия В.Н. Культурно-национальные коннотации фразеологизмов // Славянское языкознание. XI международный съезд славистов. – М.: Наука, 1993. – С. 54–66.
11. Shokym G., Burankulova E., Yessenova K., Sarbassova A., BauyrzhanKyzy B., Yerzhanova G. Representation of the «kyz» Gender Concept in the Turkic Linguistics // International Journal of Society, Culture & Language. – 2022. – Volume 10, Issue 1. – P. 125–134. <https://doi.org/10.22034/ijsc1.2022.543085.2467>
12. Қасым Б.Қ. Сөзжасам, семантика, уәждеме: оқу құралы. – А.: КИЦООКИЦОО, 2003. – 167 б.
13. Pansat Zh., Khalikova N. Semantic Features of Color in Emotional, Expressive Words: The Concept of «Blue» in the Kazakh Language // International Journal of Society, Culture & Language. – 2023. – Volume 11, 2 (Themed Issue on Language, Discourse, and Society). – P. 85–93. <https://doi.org/10.22034/ijsc1.2023.556420.2676>
14. Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – А.: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1966. – 240 б.
15. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – А.: Арыс, 2007. – 480 б.
16. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – А.: Сөздік-Словарь, 1997. – 368 б.
17. Исабеков Д. Екі жиырма. – А.: Жазушы, 1983. – 433 б.

### REFERENCES

1. Orazov M. Qazaq tilinin semantikasy [Semantics of the Kazakh language]. – А.: Rauan, 1991. – 216 b. [in Kazakh]
2. Avakova R.A. Frazeosemantika [Phraseosemantics]. – А.: Qazaq universiteti, 2013. – 152 b. [in Kazakh]
3. Kenesbaev I. Qazaq tilinin frazeologialyq sozdigi [Phraseological Dictionary of the Kazakh language]. – А.: Gylym, 1977. – 712 b. [in Kazakh]

4. Smagulova G.N. Magynalas frazeologizmder sozdigi [Dictionary of semantic phraseologisms]. – A.: Eltanym, 2010. – 56 b. [in Kazakh]
5. Isabekov D. Tandamaly shygarmalary [Selected works]. – A.: Aiganym, 2014. – 216 b. [in Kazakh]
6. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. 1-t. / jalpy red. basqargan I. Kenesbaev. – A.: «Qazaq SSSR gylym akademiasy», 1959. – 110 b. [in Kazakh]
7. Qazaq adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq. 1-tom [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 1]. / Qurast. T. Januzaq, S. Omarbekov, A. Junisbek jane t.b. – A.: Daur, 2011. – 752 b. [in Kazakh]
8. Avakova R.A. Frazeologia teoriasy [Phraseology theory]. – A.: Qazaq universiteti, 2009. – 250 b. [in Kazakh]
9. Kenjehmetuly S. Qazaq halqynyn salt-dasturleri [Traditions and customs of the Kazakh people]. – A.: Almatykitap, 2014. – 310 b. [in Kazakh]
10. Teliya V.N. Kulturno-nacionalnye konnotacii frazeologizmov [Cultural and national connotations of phraseological units] // Slavianskoe iazykoznanie. XI mejdunarodnyi siezd slavistov. – M.: Nauka, 1993. – S. 54–66. [in Russian]
11. Shokym G., Burankulova E., Yessenova K., Sarbassova A., BauyrzhanKyzы B., Yerzhanova G. Representation of the «kyz» Gender Concept in the Turkic Linguistics // International Journal of Society, Culture & Language. – 2022. – Volume 10, Issue 1. – P. 125–134. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2022.543085.2467>
12. Qasym B.Q. Sozjasam, semantika, uajdeme [Word formation, semantics, motivation]: oqu quraly. – A.: KICOOKICOO, 2003. – 167 b. [in Kazakh]
13. Pansat Zh., Khalikova N. Semantic Features of Color in Emotional, Expressive Words: The Concept of «Blue» in the Kazakh Language // International Journal of Society, Culture & Language. – 2023. – Volume 11, 2 (Themed Issue on Language, Discourse, and Society). – P. 85–93. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2023.556420.2676>
14. Ysraqov A., Syzdyqova R., Sarybaev Sh. Qazaq tiliniñ qysqasha etimologialyq sozdigi [Brief Etymological Dictionary of the Kazakh language]. – A.: Qazaq SSR-nyn «Gylym» baspasy, 1966. – 240 b. [in Kazakh]
15. Qonyrov T. Turaqty teneuler sozdigi [Dictionary of regular parables]. – A.: Arys, 2007. – 480 b. [in Kazakh]
16. Qazaq dasturli madenietinin enciklopedialyq sozdigi [Encyclopedic Dictionary of Kazakh traditional culture]. – A.: Sozdik-Slovar, 1997. – 368 b. [in Kazakh]
17. Isabekov D. Eki jyrma [Two twenty]. – A.: Jazushy, 1983. – 433 b. [in Kazakh]